


Бекітемін: 
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- балабақшасы»
мекемесінің әдіскері
А.Ә.Жақсылықова



(ортаңғы «Толағай» тобының іс-шарасы)

Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық ауылы, 01.10.2024 жыл.

«Қарты бар үйдің-қазынасы бар!» демекші, үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз.

Қарияларымыздың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдарының біз үшін орны бөлек.

Қарттар күнін атап өтудің мақсаты – қарттардың проблемаларына қоғамның назарын аудару; қоғамның демографиялық қартаю проблемасы, қарт адамдардың жеке және әлеуметтік қажеттіліктері, олардың қоғамның дамуына қосқан үлесі, қарт адамдарға деген қарым-қатынасты өзгерту мәселелерінен халықтың хабардарлығын арттыру, қарт адамдардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, қоғам өміріне қатысуын, қажетті күтім, олардың ішкі әлеуеті мен абыройын қорғау үшін жағдайлар жасау.Еліміздің өркендеуіне, бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да, аяулы қарттарымыз деп есептейміз. 1-Қазан « Қарттар күні» мерекесін шын жүректен құттықтаймыз.

Қарттар асыл қазынамыз. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттарымыз аман болсын!

Құттықтаймыз мейрамыңмен аталар!

Әр күлгенің бізге бақыт саналар.

Еңбегіңді еш етпейтін өмірде

Елің жұртың ұл мен қызың бағалар

Ана мейір күн көзімен пара – пар.

Тұла бойға қуат болып таралар

Өміріме шуақ шашып әрқашан

Көп жасандар аталар мен аналар!- дей келе ортаңғы, «Толағай» тобы 1-қазан «Қарттар күніне» орай чөлөндж ұйымдастырып, ата-әжелерін құттықтап, алғыстарын алды.

Жамишова Айару Айтқұлқызы өз әжесіне бар, ақ тілегімен, өлең шумақтарын айтып, тәттілерімен барып, құттықтап, ақ батасын, алғысын алды.

Құттықтаймыз мейрамыңмен аталар!

Әр күлгенің бізге мейрам саналар,

Еңбегіңді еш етпейтін өмірде,

Елің, жұртың, ұл мен қызың бағалар!

